

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары негізінде
2024- 2025оқу жылына арналған
ұйымдастырылған қызметтің перспективалық жоспары және мектепке
дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы**

Білім беру ұйымы МКҚК «№3бөбекжай»

Топ/сынып: ересек топ

Балалардың жасы: 4 жастағы балалар

Мерзімі: сәуір.

Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекет міндеттері
Дене шынықтыру	<p>Негізгі қимылдар:</p> <p>Жүру. Жүруді қалыптастыру жұмысын жалғастыру.</p> <p>Тепе-теңдікті сақтау. Тепе-теңдікті сақтау қалыптастыру жұмысын жалғастыру.</p> <p>Жүгіру. Түрлі тапсырмаларды орындай отырып жүгіруді қалыптастыру жұмысын жалғастыру.</p> <p>Еңбектеу, өрмелеу. Гимнастикалық қабырғаға жоғары-төмен ауыспалы қадаммен өрмелеу, бөрене және гимнастикалық скамейкадан аттап өту дағдысына үйрету.</p> <p>Секіру. Орнынан ұзындыққа (шамамен 70 сантиметр), қысқа секіргішпен секіру дағдысын дамыту.</p> <p>Лақтыру, домалату, қағып алу. Допты жоғары лақтыру және екі қолымен қағып алу (қатарынан 3–4 рет) дағдысына үйрету.</p> <p>Сап түзеу, сапқа қайта тұру. Сапқа тұру, араларын алшақ ұстау және жақын тұруды үйрету.</p> <p>Жалпы дамытушы жаттығулар. Қолды кеуденің алдына қою, желкеге қою, иықтарды түзеп, екі жаққа бұрылу. Отырған қалыпта екі аяқты жоғары көтеру, бұғу және жазу, төмен түсіру. Өкшемен таяқтың, арқанның үстінен бір қырымен жүру. Түрегеліп тұрып, аяқтың бақайларымен орамалдарды, тағы басқа ұсақ заттарды іліп алып, басқа орынға ауыстыру.</p> <p>Қимылды ойындар. Доптармен, секіргіштермен, құрсаулармен ойындарда балалардың белсенділігін дамыту.</p> <p>Спорттық жаттығулар. Екі немесе үш дөңгелекті велосипед тебу; оңға, солға бұрылуды орындау.</p>
Сөйлеуді дамыту	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Фонематикалық естуді дамыту: белгілі бір дыбыстан басталатын сөздерді есту арқылы ажырата білуге және атауға үйрету.</p> <p>Сөздік қор. Балалардың сөздігіне қарама-қарсы мағынасы бар сөздерді – антонимді қосу. Балаларды қазақ халқының</p>

	<p>қонақжайлылық дәстүрімен таныстыру (қонақты күтіп алу, төрге отырғызу, сыбаға, ас қайыру, бата беру), қонақты шығарып салу дәстүрлерін үйрету арқылы үлкендерді сыйлауға, дастархан басында әдептілікті сақтауға баулу.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы. Зат есімдерді сын есімдермен байланыстыруға үйрету.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу. Шығармалардың, ертегілердің қызықты үзінділерін қайталап айтуға, бейтаныс заттар, құбылыстар, оқиғалар туралы ақпаратты талқылауға баулу. Ұсынылған сюжеттер бойынша қойылымдарды сахналауға үйрету.</p>
<p>Көркем әдебиет</p>	<p>Шешендікке, сөз өнеріне баулу, халық ауыз әдебиеті шығармаларымен таныстыру, санамақ, жаңылтпаш айту, жұмбақ шешу, айтыс өнеріне баулу.</p>
<p>Қазақ тілі.</p>	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Сөздік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды, нақты дикцияны дамытуды жалғастыру.</p> <p>Сөздік қор. Заттардың белгілерін, санын, іс-әрекетін білдіретін сөздерді айта білу дағдыларын дамыту; 5-ке дейін тура және кері санау.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы. 2-3 сөзден тұратын жай сөйлем құрау дағдысын дамыту.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу. Мұғалім үлгісі бойынша ойыншықтарды сипаттай білу дағдыларын дамыту.</p>
<p>Математика негіздері</p>	<p>Жиын. Заттарды жұппен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білу.</p> <p>Сан, санау. Тең ұғымын екі тәсілмен саны бойынша кем топқа бір затты қосу немесе артық топтан алып тастау арқылы қалыптастыру, «қанша болды?», «қаншасы қалды?» сұрақтарына жауап беруге үйрету. 5 көлемінде тура және кері санауға жаттықтыру.</p> <p>Шама. Бірнеше затты өсу (жоғары) және кему (жақын) ретімен орналастырып, салыстыру қабілетін жақсарту.</p> <p>Геометриялық фигуралар. Сөйлеуде сын есімдерді қолданып, салыстыру нәтижелерін атау (ұзындау-қысқалау, кеңдеу-тарлау, жоғары-төмен, қалың-жұқа немесе ұзындығы, ені, биіктігі, қалыңдығы бойынша тең).</p> <p>Кеңістікті бағдарлау. Заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеу (менің алдымда үстел, сол жағымда орындық тұр) қабілетін жетілдіру.</p> <p>Уақытты бағдарлау. Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері, «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарын кеңейту.</p>

<p>Қоршаған ортамен таныстыру</p>	<p>Бала, оның отбасы, үйі. Отбасылық мерекелер, салтанатты кештерге қатысуға деген ұмтылысқа дағдыландыру.</p> <p>Заттық әлем. Адамдарға еңбектері үшін алғыс айтуға және еңбектің нәтижесіне құрмет көрсете білуге тәрбиелеу.</p> <p>Байланыс және қозғалыс құралдары. Қозғалыс ортасын ескере отырып, көлік құралдарын танып және атай білу дағдыларын қалыптастыру. Өртүрлі көлік құралдары мен оларды басқаратын адамдар туралы білімдерін жетілдіру. Көлікте жұмыс істейтін адамдарға сыйластық танытуға тәрбиелеу.</p> <p>Еңбекке баулу. Ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің еңбегі, (қаламен ауылдың байланысы), диқанның еңбегі туралы білімді қалыптастыру. Нанға және азық-түлік өнімдеріне ұқыпты қарауға тәрбиелеу.</p> <p>Адамгершілік және патриоттық тәрбие. Оның жасына байланысты әдет-ғұрыптар мен дәстүрлер, ұлттық ойындар туралы түсінікті қалыптастыру. Қазақстан Республикасының бас қаласы – Астана қаласы, республикадағы қалалар мен ауылдардың атаулары, олардың көрікті жерлері, ауыл мен қала өмірінің ерекшеліктері туралы ұғымдарын дамыту.</p> <p>Жолда жүру ережелері. Өз өмірінің қауіпсіздігінің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: ойын, ойын жабдықтарын пайдалану, бейтаныс адамдармен қарым-қатынас жасау. Балалардың өз есімін, тегін, жасын, ата-аналарының атын білуді бекіту, кездейсоқ жағдайларда (адасып қалу, құлау) өзін дұрыс ұстауға үйрету.</p> <p>Өлі табиғат құбылыстары мен заттары. Қазақстандағы әртүрлі ауа райы жағдайлары туралы түсініктерді дамыту.</p> <p>Өсімдіктер әлемі. Белме өсімдіктеріне және табиғат бұрышындағы жануарларға күтім жасау, адамның табиғатқа қамқорлық танытуының маңызы туралы білімдерін қалыптастыру.</p> <p>Жануарлар әлемі. Жәндіктер туралы (қоңыз, көбелек, шыбын, құмырсқа), қыстап қалатын және жыл құстары туралы ұғымдарын кеңейту.</p>
<p>Сурет салу</p>	<p>Балаларды суреттерді қылқаламмен, қаламмен бояуға үйрету, заттарды бояуда сызбалар мен жақпаларды бір бағытта (жоғарыдан төменге немесе солдан оңға) пішіннің шеткі сызығынан шықпай ырғақты түрде бояуға үйрету. Қылқаламды үстінен баса отырып, жуан сызықтарды ал қылқаламның ұшымен жіңішке сызықтарды жүргізу.</p>
<p>Мүсіндеу</p>	<p>Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру, оларды мүсіндеуге баулу. Дайын мүсінді дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерімен безендіру. Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтау.</p>
<p>Жапсыру</p>	<p>Ұжымдық сюжетті композицияны құрастыру дағдыларын</p>

	<p>қалыптастыру. Композицияны құрастыруда дайын пішіндердің көмегімен заттарды қиюға немесе өз бетінше ойдан қиып жапсыруға мүмкіндік беру. Шығармашылық қиялды дамыту. Жапсыруда қауіпсіздік ережелерін сақтау, жұмысты ұқыптылықпен орындау.</p>
Құрастыру	<p>Табиғи материалдардан түрлі композиция жасауға ынталандыру. Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып және құрастыратын материалдарды өз бетінше таңдап, ойдан құрастыруға мүмкіндік беру.</p>
Музыка	<p>Музыка тыңдау. Қазақтың ұлттық аспабы домбырамен орындалған әндер мен күйлерді тыңдату.</p> <p>Ән айту. Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз ән айтуға баулу (тәрбиешіні көмегімен).</p> <p>Музыкалық-ырғақты қимылдар. Музыканың ырғағына сәйкес әртүрлі қарқынмен секіру.</p> <p>Балалар музыкалық аспаптарында ойнау. Ағаш қасықтармен, сылдырмақтармен, асатаяқ, домбыра, сазсырнайда қарапайым әуендерді ойнай білуді дамыту. Балалар музыкалық аспаптарын тану және атауды жетілдіру.</p> <p>Билер. Қазақтың ұлттық би өнерімен таныстыру.</p>